Ақсуат аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі
комиссиясы отырысының
№ 7 ХАТТАМАСЫ

Ақсуат ауылы 31.05.2023 жыл

Төрағасы: Е. Ескендіров – аудан әкімінің орынбасары, аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасы

Хатшысы: Р. Сайлаубаев – аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері

Қатысқандар: М. Иманқажы -аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, **Н. Хозаев**- аудандық полиция бөлімінің бастығы, **Р. Сейілханов**- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, **А. Шарипова**- аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы, **Д. Есембаева**- аудандық санитариялық- эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы, **С. Смағұлов** - Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, **Е. Қожахмет** - «Ақсуат» МКК басшысы, **Е. Тұрғанбаев**- «Қазақавтожол» РМК Шығыс Қазақстан облыстық филиалының №31 ЖПБ-нің басшысы, **Е. Рахметжанов** - аудандық желілік техникалық учаскесінің инженері, **С. Қисанов**- Шығыс Қазақстан аумақтық энергетика компаниясының Тарбағатай аудандық электр желісінің Ақсуат бөлімшесінің мастері, **Б. Сербатыров** - аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, **Ж. Демеубаев**-«Қазселденқорғау» аудандық филиалының инженер-гидрологы, **А. Әштаева**- аудандық ауруханаңың бас дәрігері, **Д. Тулембаев** - ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақсуат аудандық аумақтық инспекциясы басшысы, **К. Шыныбаев**- «КазСуШар» Ақсуат ӨУ басшысы,

Комиссия отырысының күн тәртібі:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында Ақсуат ауылындағы «Балдырған» бөбекжайына орталық су құбырынан келетін таза су құбыр жолдарын жөндеу жұмыстарына қаражат беру туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Балдырған» бөбекжайының меңгерушісі Қ. Нұрсафина хабарлама жасады.

«Балдырған» бөбекжайы ғимаратына келетін орталық су құбырынан келетін таза су құбыры жарылып, ғимараттың жертөлесіне су кіріп жатыр. Бұл өз алдында бөбектерімізді таза ауыз сумен қамтамасыз етуде кедергі келтіріп, денсаулықтарына, тазалықтарына қауіп төндіріп төтенше жағдайларға алып келуі мүмкін. Осы мәселені жою үшін тез арада шаралар қабылдау қажет екенін айтып өтті.

Қорытындылай келе аудан әкімінің орынбасары Е. Ескендіров қалыптасқан жағдайды жедел түрде қалпына келтіру үшін жұмыстар жасау керектігін жеткізді.

Аудан әкімі орынбасарының (Е. Ескендіров) және комиссия мүшелерінің пікірлерін қорыта келе төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия отырысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Балдырған» бөбекжайына (Қ. Нұрсафина) төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында су құбырын жөндеуге шұғыл түрде қаражат бір көзден қолданыстағы заң аясында қарастырылсын.

Аудан әкімінің орынбасары,
аудандық төтенше жағдайлар
жөніндегі комиссия төрағасы **Е. Ескендіров**

Аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері **Р. Сайлаубаев**